




ЖШС "ДКБ Сымбат" бөбекжай балабақшасы
2024-2025 оқу жылының меңгеруші
жанындағы кеңестің
№1 хаттамасы

06.09.2024 ж

Жиналғандар саны -13

Күн тәртібі:

1. Балаға қатігез қарым – қатынас көрсету ,қандай шара қолданылады ?
2. Педагог мамандардың жаңа оқу жылында жүргізетін іс – құжаттарын сараптау, тексеру,бекіту.

3.«Күзгі мереке»ертеңгілігі сценарий және денсаулық күні жоспарын бекіту

4. Бастапқы мониторинг

1.Тыңдалды балабақша меңгерушісі Ж.Жанаева баланың үйлесіммен дамуы және ата-аналардың балабақша өмірімен танысуға балабақша дәлізіндегі стендтер мен топтың безендірілуінің маңызы зор екенін, сондықтан безендіруге заманауи дизайнды, интерьер үшін тың идеяларды, эстетикалық безендірілген стендтерді пайдалану керектігін айтты. Сондықтан балабақшада бірінші кезекте ата-аналар бұрышын және басқа да стендтерді біркелкі өлшемде, ішкі үй жай жағдайына қарай безендіруді ұсынды.

Сонымен бірге түстердің минималды санын, ата-аналарға арналған мәліметтер нақты болу керектігін ескертіп, әр топтың тәрбиешілеріне ата-аналарға арналған стендтердің үлгісін тандап әкелуді ұсынды.

Тәрбиешілер қуана келісім берді.

2.Тыңдалды педагог мамандардың жаңа оқу жылында жүргізетін іс – құжаттарын сараптау, тексеру,бекіту туралы балабақша меңгерушісі Ж.Жанаева айтып өтті. Іс қағаздарының жүргізілуі мен дұрыс ұйымдастырылуына, құжаттардың мезгілінде орындалуы және олардың сақталуына жауапкершілікпен қарауды, тәрбиешілер әр аптаның дүйсенбісінде циклограмманы тексертуі керектігін ескертіп педагогтардың жыл бойы ресімдейтін құжаттар тізбесімен таныстырды. Тәрбиешінің құжаттары: 1) бір жылға арналған перспективалық жоспар; 2) циклограмма (аптаға арналған); 3) диагностика материалдары: Бақылау парағы, Баланың жеке даму картасы (электрон- ды түрде); 4) топтың ата-аналар жиналысының хаттамалары.5) балалар жөнінде мәлімет, бөгілеу журналы.

Әдіскердің құжаттамасы: 1) мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесін реттейтін нормативтік құқықтық актілер; 2) МДҰ жылдық жұмыс жоспары (көшірме); 3)ұйым- дастырылған оқу қызметінің кестесі, қосымша білім беру қызметтерінің кестесі; 4) жұмыс, жас топтары бойынша перспективалық жоспарлар; 5) әдістемелік кеңестер- дің хаттамалары және оларға қатысты құжаттар; 6) әдіскердің бір айға арналған жұмыс жоспары; 7) педагог кадрлардың біліктіліктерін арттыру бойынша жұмыс жоспары; 8) педагог кадрларды аттестаттау бойынша материалдар; 9) мектепке дейінгі ұйым

бойынша балалардың біліктері мен дағдыларын бақылау бойынша мониторинг материалдары (электронды түрде).

3.Тыңдалды «Күзгі мереке» ертеңгілігінің сценариімен музыкант А.Райымбекова таныстырып өтті. Тақпақтар, әндер және сахналау бағдарлама талаптарына сай дайындалған. Балаларға үлкендердің еңбегін құрметтеу, өз өлкесіне мақтаныш сезім- дерін ұялату мақсаты қойылған. «Балапан» кіші топ және «Бәйтерек» ортаң- ғы топтарда арналған ертеңгілікте әндер, тақпақтар, билер бала жасына сай дайын- далған. Ертеңгілікте сахналау, сюрприз сәттері жобаланған, түрлі ойындар, сахналау және әндер жобаланған. Балабақша меңгерушісі Ж.Жанаева іс-шараларды өткізуге мерекелік ертеңгіліктерді топтарды қоспай өткізуді ескертті. Сонымен бірге зал ішін безендіруді топ тәрбиешілері бірігіп жасайтыны туралы айтты . Бұл тапсырманы шаруа меңгерушісіне тапсырды. Ертеңгілікті 4-6 қарашада өткізуді ұсынды. Тәрбиешілер келісім берді.

Сонымен бірге тәрбиешілер салауатты өмір салтына тәрбиелеу бөлімі бойынша дене шынықтыру ойын сауығы мен денсаулық күні іс-шараларының жоспарымен таныстырды. Жоспар білім салалары кіріктірілген, балалардың қатты шаршамауы ескерілген, бала жасына сай келеді. Тәрбиешілер керекті құралдар тізбесін тапсырды. Меңгеруші толық қамтамасыз етуге уәде бере отырып, әр топ мейлінше өз топтарында өткізу керектігін ескертті. Дене шынықтыру сауық кешін 26-27 қыркүйек күндері, денсаулық күнін 18-19 қазан күндері өткізуді ұсынды. Педагогтар толық келісті.

4.Тыңдалды балабақша әдіскері С.Умирзахова мониторинг көрсеткіштерімен таныстырып өтті , дағдылар бойынша жұмыстарды ары қарай тереңдетіп жұмыс жүргізу керектігін ескертті. Тәрбиешілер толық келісім берді.

Қаулы:

- 1.Топтардың ата-аналар бұрышы және басқа стендтер жаңа үлгіде жаңартылсын. Жауапты шаруа меңгерушісі . Мерзімі 30.09.2024ж
- 2.Тәрбиешілердің құжаттары өз уақытында жүргізілсін, әр аптаның дүйсенбісінде тексеріліп,бекітілсін.
3. «Күзгі мереке» және денсаулық күні 26-27 қыркүйек, дене шынықтыру сауық кеші 18-19 қазан күндері өткізілсін. Керекті құралдармен толық жабдықталсын.
4. Бастапқы мониторинг көрсеткіштері жоғарылатылсын.

Кеңес төрайымы:
Хатшысы:



Жанаева Ж
Алесхан Н.



ЖШС "ДКБ Сымбат" бөбекжай балабақшасы
2024-2025 оқу жылының меңгеруші
жанындағы кеңестің
№2 хаттамасы

29.10.2024 ж

Жиналғандар саны -13

Күн тәртібі:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы
- 2.Топ құжаттарының орындалу жүйесін бақылау қорытындысы
- 3.«Мен елімді сүйемін»ашық тәрбие сағатының және денсаулық күні жоспарымен танысу, бекіту
- 4.«Жаңа Жыл келді бақшама!» ертеңгілік сценариімен танысу, бекіту.

1.Т ы н д а л д ы балабақша меңгерушісі Ж.Жанаева өткен кеңестің қаулыларының орындалуына тоқталды. Барлық топтардың ата-аналар бұрышы стендтері жаңарылғанын айтып өтті. Барлық топтарда тәрбиешілердің құжаттары талапқа сай толтырылып жатқанын, тәрбиешілердің перспективалық жоспарлары өтпелі тақырыптарға сай түзіліп бекітілгенін, ал циклограмма әр аптада әдіскер тарапынан тексеріліп отырғанын айтып өтті.

Сонымен бірге қыркүйек айында өткізілген іс-шара тіл апталығының өтілуін талқылап өтті. «Қарлығаш » топта «Ана тілін –арың бұл» тақырыбында сайыс өткізіліді. Балалармен мақал –мәтел жарысы, жаңылтпаштар айту және сахна лау жобаланған. Балаларды өз ұлтына, тіліне деген құрмет сезіміне тәрбиелеу мақсаты орындалды деп есептеуге болатынын айтып өтті.

«Бәйтерек » ортаңғы топта «Шалқан ертегісі» тақырыбында ашық оқу іс-әрекетін өткізді. Балалармен сахналау,тақпақтар жөбаланған. Тиімді әдістер:ойындар, жұмбақ шешеу, марапаттау балалар белсенділігін арттырды. Оқу қызмет мақсаты орындалды деп есептеуді ұсынды. Сонымен бірге «Күзгі мереке» ертеңгілігінің өтілуіне тоқталды.

Ертеңгіліктің безендірілуі эстетикалық талапқа сай болуы, марапаттау сәті балалар көңіл күйін көтерді, балалар еркін қатысты. Ертеңгіліктер талапқа сай өтілді. Әндер,билер бала жасына сай үйретілген. Сюрприз сәттер, баларды қошеметпен қарсы алу, жүргізуші- лердің қатысуы талапқа сай болғанын айтып, ертеңгіліктердің өтілуін «қанағаттанарлық» деп бағалауды ұсынды

Әдіскер балабақшада өткізілген денсаулық күні мен дене шынықтыру сауық кешінің өтілуіне тоқталды. Іс-шара таза ауада өткізілді, керекті құралдар толық дайын- далған,балалар қауіпсіздігі сақталды. Балалар өзара тату және жанкүйер болу дағды- лары қалыптасқан.Балалар белсенді қатысты.

2.Тыңдалды балабақша әдіскері С.Умирзахова «Топ құжаттарының орындалу жүйесін бақылау» қорытындысымен таныстырды.Барлық топта балалар тізімі анықталып бекітілген,балалардың қатысу табелі толық толтырылған. Тәрбиешілердің циклограммасы әр аптада тексерілген, перспективалық жоспар түзілген, әр айда бекітілген.

Диагностика материалдары: Бақылау парағы (бастапқы мониторинг) толық өткізілген, баланың жеке даму картасы 50% толтырылмағанын ескертті. Сонымен бірге баланың әлеуметтік картасы 50% толтырылған, ал ата-аналар жиналыстары ватсап желісі арқылы өткізілгенімен хаттама жазылмағаны анықталғанын айтып өтті.

Балабақша меңгерушісі Ж.Жанаева топ тәрбиешілеріне ескерту жариялап, 5 қарашаға дейін айтылған кемшіліктерді толықтырып қоюды ескертті.

Тәрбиешілер толық келісім берді.

3.Тыңдалды балабақша әдіскері С.Умирзахова «Мен елімді сүйемін» ашық тәрбие сағатының жоспарымен таныстырып өтті. Іс-шарада тақпақтар, сахналау тақырыпқа сай жобаланған. Балалар жасына сай әндер, билер таңдалған. Балалар белсенділігін арттыруға ойындар ескерілген. Музыкант іс-шараға керекті құралдарды толықтырып беруді ұсынды. Меңгеруші керекті құралдармен қамтамасыз етуге уәде берді.

Балабақша әдіскері С.Умирзахова желтоқсан айында жобаланатын денсаулық күні іс-шарасының жобасымен таныстырды. Таңдалған ойындар мен жаттығулар алған білімін, машықтарын, дағдыларын ойында, эстафеталарда қолдану тілегін тәрбиелеу, барлық балаларға тең мүмкіндік беруге бағытталғанын түсіндіріп өтті. Денсаулық күнін желтоқсан айның 11 күні өткізуді ұсынды.

Тәрбиешілер толық келісім берді.

4.Тыңдалды балабақша тәрбиешісі Ә.Қадір «Жаңа жылкелді бақшама» ертеңгілік сценариймен таныстырды. Ертеңгіліктерде сахналау, әндер және билер бала жасына сай таңдалған. Балалардың ертеңгілікке кіруі, силық алу сәттері таңғажайып сәттерге негізделін жобаланған. Музыкант ертеңгілікке керекті құралдар мен залды әсемдеу варианттарын ұсынды. Меңгеруші материалдық жағынан көмек беретінін білдірді. Ертеңгілікті 19-20.12.2024ж өткізуді ұсынды.

Қаулы:

- 1.Өткен кеңестің қаулыларының орындалуы қанағаттанарлық.
- 2.Топ құжаттарының орындалу жүйесін бақылау қорытындысы: топтарда тәрбиеші құжаттары жүргізілген, анықталған кемшіліктер түзетілсін. Мерзімі 5.11.2024ж
3. «Мен елімді сүймін» ашық тәрбие сағатының жобасы бекітілсін. Іс шара 13.12.2024 ж өткізілсін.
Денсаулық күні жобасы бекітілсін. 11.12.2024ж өткізілсін. Балалар қауіпсіздігі сақталсын. Жауапты тәрбиешілер.
4. «Жаңа жыл» ертеңгілік сценарийлері бекітілсін. Ертеңгілік 19-20.12.2023 ж өткізілсін.ертеңгілікке керекті құралдар толық қамтамасыз етілсін. Жауапты шаруа меңгерушісі

Кеңес төрайымы:

Хатшысы:



Ж.Жанаева

Алесхан Н